

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.01.2023-03.02.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

Күн тәртібінің кезеңдері	<i>Дүйсенбі</i> <i>30.01.2023</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>31.01.2023</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>01.02.2023</i>	<i>Бейсенбі</i> <i>02.02.2023</i>	<i>Жұма</i> <i>03.02.2023</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап". Мақсат-міндеттері. Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. <i>Ойын- жаттығу.</i>				

	Ас атасы - нан. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Тіл ұстарту жаттығулары. Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор ро-ро-ро-рома ру-ру-ру-қару ар-ар-ар-қар ур-ур-ур-ура (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Қыста қандай жануарлар ұйықтайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қыстайтын аңдар арасынан ұйқыға бататындарды ажыратып, аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (математика негіздері)	Р. Тышқанбаевтың «Қыс» өлеңін оқу. Педагог өлең оқи бастайды: Шыңнан сырғып түсті де, Келді етекке қыс, міне. Ақ қарлар ақ көбелек, Қонды үйлердің үстіне. Боран соғып бірде өкпек, Үйге айдады «кір» деп тек. Мұз көрпеге оранды, Сулар тоңып дірдектеп. Аулаға қар үйгізді, Бетті аязға сүйгізді. Тоңбасын деп теректер, Қырау ішік кигізді. (көркем әдебиет)
Ұйымдастырылған	Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері				

іс-әрекеттер					
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<i>Сөйлеуді дамыту</i> “Кімнің қолынан не келеді?” <i>Мақсаты:</i>Балалардың ұғымындағы мамандық туралы түсінік қалыптастыру; диалог пен монолог, сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; мамандықтарға қажет құралдарды ажырату, жалпылама топқа біріктіру іскерліктерін жетілдіру; зейін, ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту, өзара достық қарым-қатынасты жетілдіру. Балаларды мамандық иелерін құрметтеуге, ұғымталдыққа, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. <i>Сөздік жұмыс</i> Балалардың сөздік қорына: шебер, пилот, ғалым, тігінші сөздерін қосу. Мамандық иелері қолданатын құралдары н білдіретін зат есімдерді, іс-қимылын сипаттайтын етістіктердің болымсыз түрлерін және «Шеберді саусағы	<i>Музыка</i> Педагог жоспары бойынша <i>Көркем әдебиет</i> “ Бұлбұл мен тоқылдақ” <i>Мақсаты:</i>Балаларды «Бұлбұл мен тоқылдақ» әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауды үйрету; шағын мазмұнды әңгімені әңгімелеп беруге дағдыландыру; бұлбұл мен тоқылдақ туралы ақпарат бере отырып, олардың ішінде қыстайтын құстың ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; әңгімеге қызығушылықтарын қалыптастыру; ойлауын, тілін, зейіні мен еске сақтау қабілетін дамыту, өзара достық қарым-қатынасқа, адамгершілік ережелеріне және құстарды құрметтеу, аялау сезімдеріне тәрбиелеу. <i>Сөздік жұмыс</i> «Қыстайтын құстар», «Бұлбұл мен	<i>Сурет салу</i> “Етікшінің жаңа қос етігі” <i>Мақсаты:</i> Балаларға қос етіктің сұлбаларын қазақтың оюларымен безендіруді үйрету; қазақтың ұлттық аяқкиімі туралы білімдерін тиянақтау, етікші мамандығы туралы ұғымдар беру; Сөздік жұмыс Балалардың белсенді сөздік қорына: етікші, шеберхана, қоныш сөздерін енгізу. Әдіс-тәсілдер Аудиожазбаны тыңдау, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу,өздігінен сурет салу, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия. Жапсыру “Дәрумендер” <i>Мақсаты:</i>Балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту және умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаулгісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету; майлықты жырту, умаждау арқылы қол саусақтары моторикасын дамыту.	<i>Музыка</i> Педагог жоспары бойынша <i>Математика</i> негіздері “Үйді жинау тәртібі” Мақсаты: Балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасқан орны туралы жаңа білім беру, «үстіңгі сол жақ», «үстіңгі оң жақ», «төменгі сол жақ», «төменгі оң жақ» ұғымдарын қалыптастыру; Балаларға геометриялық пішіндердің қағаз бетінде орналасқан орнын ажыратуды, сөзбен айтуды үйрету; әртүрлі заттарды эквиваленттерімен алмастырып, қорытынды жасағанда заттардың түрлеріне емес, жиын санына көңіл аударуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, жазықтықты бағдарлау, кеңістікті бағдарлау, түс пен пішінді қабылдау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке және өзін-өзі басқаруға баулу; ұғымталдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	<i>Қазақ тілі</i> Педагог жоспары бойынша <i>Қоршаған ортамен танысу</i> “Жануарлар емшісі” Мақсаты:Балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру; қыста жануарларға азық беру мен күтім жасау ерекшеліктерімен таныстыру; жануарлар емшісі (мал дәрігері) қызметі туралы ұғым беру. Жануарлар туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Жануарлар туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. Балалардың жануарлардың тіршілігі мен оған күтім жасауға және қамқор болуға деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және белсенділікке тәрбиелеу. Сөздік жұмыс "Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл", "Жануарлар емшісі", "мал дәрігері", "аяз", "қатты суық", "азық", "түлеу", "ұйықтау", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану.

	асырайды», «Тігіншіні инесі асырайды» сияқты мақалды айтқызып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, таңғажайып сәт, мақалды жаттамақ жаттығуы, әуенжазбасы негізінде тақпақты мәнерлеп айту сөздік жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. <i>Дене шынықтыру</i> Педагог жоспары бойынша	тоқылдақ», «Тоқылдақ орман құсы», «Бұлбұл әнші құс» сөздері мен сөйлемдерін, «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» мақалын пайдалану. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіменің бейнебаянын көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Қыстайтын құстарды тап» дидактикалық ойыны.	Сөздік жұмыс Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "дәрумендер", "жемістер", "көгөністер", "жеміс қимаулгісі", "жырттым", "умаждадым", "жапсырдым" сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, ұжымдық іс-әрекет.	<i>Сөздік жұмыс</i> Балаларға: «ортасы», «оң жақ төменгі бұрыш», «сол жақ төменгі бұрыш», «оң жақ жоғарғы бұрыш», «сол жақ жоғарғы бұрыш», «төмен», «жоғары», «заттар әртүрлі болса да, жалпы жиын саны өзгермейді», «тұрмыстық техника» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, ғажайып сәт, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. <i>Дене шынықтыру</i> Педагог жоспары бойынша	Әдіс-тәсілдер Сәлемдесу шеңбері, әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан жануарлар тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Жануарларды топта" дидактикалық ойыны. <i>Дене шынықтыру</i> Педагог жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	"Қырауды бақылау." Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.Болжау. Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Суықтан қорықпа, суық сумен жуын. Мақал-мәтел, Қыс қандай болса, жаз	Қардың тереңдігін бақылау. Бақылау. Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету	Қарлы боранды бақылау. Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Қардың жауғанын бақылау. Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге

	буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады. <i>Көркем сөз.</i> Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.	да осындай. Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауға ыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек. (еңбек дағдылары) Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.	және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек. Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	тапсырмалары: желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.	түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма. «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. <i>Көркем сөз.</i> "Көкше мұз" Сейіл Боранбаев. Көл бетінде көкше мұз, Көкше мұзда қызық көп. Сырғанаймыз кеште біз, Айқыш-ұйқыш сызып кеп. Қыза-қыза келгенде, Құйын болып кетеміз. Жүйрік деген желден де , Басып озып кетеміз. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Еңбек: тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Қол жуу ережелерін бекіту; жарыс ойындар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы. Көркемсөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	«Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қауіпсіздік ережесі «Қауіпті заттар» Мақсаты: Балалардың өмірімізге, денсаулығымызға қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру, бекіту.	Үйірме “Ұлттық ойындар” <i>Педагог жоспары бойынша</i>	“Оқуға құштар балабақша” «Микроскоппен нені көреміз?» Мақсаты: «Балаларға терезелі энциклопедия кітапшасын пайдаланып зерттеу жұмыстарын жүргізу»	Эстафеталық ойындар « Аңшылар мен қояндар » Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.	Желілі рөлді ойын «Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Алижанға «Мынау қай пішін?» Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішінді қолмен сипап анықтау арқылы айту. (математикаа негіздері, сөйлеуді дамыту)	Ралияға «Мақал мәтелдер». Мақсат-міндеттері. Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Нурсултанға Артикуляц иялық жаттығу. «Кім, қалай дыбыстайды?» (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, аааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа	Әмірханға Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. (математика негіздері)	Үмітке «Кім зейінді?» Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)

			(аянышты дауыспен). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)		
Серуенге дайындық	киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Театрды сахналау "Үш торай" ертегісін алжапқыштармен сахналау. (көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "ас атасы - нан" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру. «Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу.				

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі- 06.02.2023-10.02.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

Күн тәртібінің кезеңдері	<i>Дүйсенбі</i> 06.02.2023	<i>Сейсенбі</i> 07.02.2023	<i>Сәрсенбі</i> 08.02.2023	<i>Бейсенбі</i> 09.02.2023	<i>Жұма</i> 10.02.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Артикуляциялық жаттығу Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Тақпақ жаттау Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп. Тарам-тарам жолымен Жүгіреді тоқ келіп. Көшеде, үйде, кеңседе Жүреді ағай шам жағып. Түн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жап-жарық. Мұзафар Әлімбаев (көркем әдебиет, қазақ тілі)	Тақпақ жаттау Шахтер Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір қазып жүреді, Сорғалатып тер ащы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін суынып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылылық. С.Мәуленов (көркем әдебиет, қазақ тілі)	«Мозаика». Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i>				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. Ш.Садыханов (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)	Менің арманымдағы мамандығым. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту “Тұрмыстық техника жөнінде (Не күшті)” Мақсаты: Балалардың тұрмыстық техника жөніндегі түсініктерін дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі және оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру; тұрмыстық техника түрлерінің адам өмірінде алатын орны туралы мағлұматтар жиынтығын ұсыну; тұрмыстық техниканың адамға маңызды көмекші құрал екеніне көз жеткізу, техниканы күту ережелері туралы жалпы мағлұмат беру. Балаларға әңгіме мазмұнын еске сақтап, мәтінге жақын	Музыка Педагог жоспары бойынша Көркем әдебиет “Бақша ағаштары” Мақсаты: Балаларды «Бақша ағаштары» әңгімесімен таныстыру, шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру; ағаштар туралы қысқаша түсінік бере отырып, ағаштар туралы ұғымдарын кеңейту; адам және қоршаған орта туралы білімдерін толықтыру. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың тілі мен зейінін,	Сурет салу “Үмік” Мақсаты: Балаларға үтіктің суретін салу техникасына үйрету; үтіктің құрылымындағы негізгі бөлшектеріне қарап, қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Балалардың белсенді сөздік қорына «электрлік баусым», «аша», «қыртысы» сөздерін енгізу. Әдіс-тәсілдер Ритмикалық сәт, аудиожазбаны тыңдау, бейнежазбаны көрсету, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс мақтау, рефлексия. Мүсіндеу	Музыка Педагог жоспары бойынша Математика негіздері “Қатарға тұрайық, спортышлар” Мақсаты: Балалардың ұғымындағы бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту; «биік – аласа» ұғымдарын жетілдіру; балаларға биік пен аласа өлшемдерінің «ең биік», «аласалау», «биіктеу», «ең аласа» болатыны туралы түсіндіру; өзін-өзі бағдарлау, өзіне қатысты кеңістік бағдарын пысықтау; саламатты өмір салтын насихаттау. Балаларға заттардың	Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша Қоршаған ортамен танысу “Отбасы шежіресі” Мақсаты: Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өзінің отбасы туралы әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру; отбасы шежіресі мен мүшелерін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. Сөздік жұмыс "Отбасы", "шежіре", "ағайынды", "туыстық атау", "ата-ана", "ата мен әже", "немере", "жиен", "аға", "қарындас" сөздерін пайдалану. Әдіс-тәсілдер Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, пысықтау, өзін-өзі бағалау.

әңгімелеуді үйрету, тұрмыстық техника түрлерінің адам өмірінде алатын орны жөнінде ойын еркін айту, өз жауаптарын құрастыру қабілетін арттыру; мазмұндау барысында байланыстыра сөйлеу, шығармашылық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; зейін, еске сақтау, құлақпен тыңдау, елестету және сахналау қабілеттерін дамыту. Балалардың әңгіме жанрына құштарлығын дамыту, адам еңбегін құрметтеуге, техниканы күтуге баулу. <i>Сөздік жұмыс</i> Белсенді сөздік қорға: тұрмыстық техника, шаңсорғыш, тоңазытқыш, электр плитасы, дау сөздерін қосу. Әңгіменің мәтініндегі белгілі фразалар мен сөйлемдерді айтқызып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, суреттер негізінде сөздік	шығармашылығы мен еске сақтау қабілетін, дербестігін дамыту. Балалардың әңгімеге қызығушылықтарын арттыру; әдептілікке, үлкеннің еңбегін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. <i>Сөздік жұмыс</i> «Мен және қоршаған орта», «бағу-қағумен өсірген», «бағып-қағусыз өскен», «сен жас ағашсың саған да күтім керек», «қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйрен», «жақсы түзік кісі болып өсерсің», «бағусыз бетіңмен кетсең», «қисық біткен ағаштай», «қисық өсерсің» сөздерін айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру. <i>Әдіс-тәсілдер</i> Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіме желісін көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, әңгімедегі кейіпкерлердің сөздерін қайталау, көркемсөз, кері байланыс, ертегі мазмұны бойынша	“Жол белгілері” Мақсаты: Балаларға қара түсті ермексазды есу арқылы, шыққан шұжықтың екі бас жағын басып бағдаршамның негізін жасап, оған үш түрлі дөңгелектерді жапсырып, бағдаршамды мүсіндеуге үйрету; көшеде жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «бағдаршам», «бағдаршам көздері», «саусақтарыммен басамын» сөздері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, жасалған мүсінді мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия. Құрастыру “Тазалық денсаулық кепілі” Мақсаты: Балаларға йогурттан босаған ыдыс пен қағаздан қолжуғышты құрастыруды үйрету; «Тазалық - денсаулық кепілі» түсінігін қалыптастыра отырып, балалардың түсінігінде тазалық.	бірден беске дейінгі реттік санын тануды, оларды қатардан табуды, тура және кері санау іскерлігін жетілдіру; саны бес затты биіктігі бойынша ажыратуды, олардың арасындағы айырмашылығын сөзбен айтуды үйрету; өзінің дене мүшелерін бағдарлау және олардың орналасу қалпын ажыратуды, кеңістікте бағыт-бағдармен қозғалу дағдыларын жетілдіру; зейін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу, ұйымшылдыққа, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <i>Сөздік жұмыс</i> Балаларға: «реттік», «бірінші», «екінші», «үшінші», «төртінші», «бесінші», «бір, екі, үш, төрт, бес», «бес, төрт, үш, екі, бір», «ең биік», «аласалау», «ең аласа», «споршты», «оң жақ», «сол жақ», «артта», «алдыда» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша
--	--	---	--	--

	жұмыс, фонетикалық ритмика, әңгімені сызбалы кесте арқылы мазмұндау жаттығуы, әңгіме мазмұнын сызбалы кесте негізінде рөлдер бойынша сахналау жаттығуы, логикалық жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. <i>Дене шынықтыру</i> Педагог жоспары бойынша	әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.	Сөздік жұмыс Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «тазалық», «қолжуғыш», «йогурт» сөздері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.	<i>Әдіс-тәсілдер</i> Ғажайып сәт, аудиожазбаны тыңдау, дамытушы жаттығу, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, қимылды жаттығу, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. <i>Дене шынықтыру</i> Педагог жоспары бойынша	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Алаңдағы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан	Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Қимылды ойын. «Аңшы мен коян». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу,	Саябаққа саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Жеке жұмыс. Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. (дене шынықтыру)	Күн көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады. 22 желтоқсан ең қысқа күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды. <i>Көркем сөз.</i> Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын. «Жұп	Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді. <i>Көркем сөз.</i> Қыстың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астын ораған ақ қармысың. Алай-түлей бораның, аязың да, Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?! Қимылды ойын. «Үшінші артық».

	қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. (дене шынықтыру)	жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу. Еңбек: гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру. Жеке жұмыс: шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүру. Жорамал. Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.	Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз. Жұмбақтар. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Аузы жоқ ұлиды. (боран) Мәтел. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.	болып эстафета ойынын жүргізу». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еңбек. Аққала жасау. Мақсат-міндеттер: қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әңгіме құрату. <i>Жұмбақ.</i> Таңмен көзін ашады, Өлемге нұрын шашады. <i>Мақал.</i> Мезгіл жетсе, мұз да ериді.	Мақсаты: шапшандыққа баулу. Еңбек. Ауланы қардан тазалау. Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету. <i>Көркем сөз</i> Ағашта биік, Бір құсты көрдік. Сайрайды сол құс, Сайрайды талмай. Кө-кек, кө-кек, Аты оның содан, Атанған кө-кек. Өн орындау. Қимылды ойын: денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау. <i>Жаңылташтар:</i> Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.				

	<i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Қауіпсіздік ережесі</i> «Ине қауіпсіздігі» Мақсаты: Балаларға иненің қауіпті екенін, оны ұстауға болмайтынын түсіндіру	<i>Үйірме “Ұлттық ойындар”</i> <i>Педагог жоспары бойынша</i>	<i>“Оқуға құштар балабақша”</i> «Адамгершілікке баулитын ертегілер» Мақсаты: Әр ұлттың ертегілері арқылы адамгершілікке баулу	<i>Эстафеталық ойындар</i> <i>«Қасқырлар мен лақтар»</i> <i>Мақсаты:</i> Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	<i>Желілі рөлді ойын</i> «Тамақ» дүкені Мақсаты: Балалар ойынды рөлдерге бөлініп ойнайды.
Балалармен жеке жұмыс	Нурсултанға Дәрігер Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. (көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығу. «Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді тандайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. (сөйлеуді дамыту)	Алиханға Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу)	Үміт пен Алтынайға Театрды сахналау. "Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау. (көркем әдебиет)	Көрікті мен Інжу Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				

Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (өзін-өзі басқару дағдылары)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Музыкалық аспаптармен ойындар. Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). (музыка) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар». «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі- 13.02.2023-17.02.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

Күн тәртібінің кезеңдері	<i>Дүйсенбі</i> 13.02.2023	<i>Сейсенбі</i> 14.02.2023	<i>Сәрсенбі</i> 15.02.2023	<i>Бейсенбі</i> 16.02.2023	<i>Жұма</i> 17.02.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)	«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .	Текшелермен ойын. Балаларға текшелер туралы тапқакты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру. Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше. Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. (құрастыру)	«Қызықты лото». Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін дамыту. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)	"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.				

	Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
